УДК 398
DOI 10.56525/DRRF9281

«ҚАРАДӨҢ БАТЫР ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ» ЭПИКАЛЫҚ ЦИКЛЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ-ТАҒЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

С.И.Сәкен
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан
e-mail:seilbek.saken.54@mail.ru

Аңдатпа: Берілген мақала С.И.Сәкен ғалымының «Қарадөң батыр және оның ұрпақтары» эпикалық циклын талдау арқылы қазақ халқының шежіресі мен ерлік дастандарының мәнісін ашып көрсетеді. Мақалада Шора батыр және оның ұрпақтарының образдары арқылы Ноғайлы дәуірінің тарихи маңызы анықталады. Автор Тама руының шыққан тегі туралы түрлі ғалымдардың пікірлерін салыстыра отырып, бұл рудың түркі халықтарының арасында кеңінен таралғанын дәлелдейді. Шора батырдың өлмегендігі, тек ғайып болғандығы туралы сарындар тотемистік түсініктерден хабар береді. Бұл архаикалық мотивтер қазақ халқының ежелгі дүниетанымын сақтап қалған құнды деректер болып табылады. Мақалада «Қырымның қырық батыры» циклының әскери-тактикалық сарындарының маңызы ерекше атап көрсетіледі. Жырдағы батырлар жау елінде барлаушылық әрекеттер жүргізіп, шолғыншы жасақтарды пайдаланатыны көшпелі халықтың соғыстық ілімін бейнелейді. Циклтың тағы бір құнды жағы – оның тағлымдық сарындарының молдығы. Жырда кейіпкерлер отбасы мүшелеріне деген ыстық ықыласын, үлкендерге құрметін, жетімдерге қамқорлығын көрсетеді. Мұрын жырау өзінің шығармашылығы арқылы жыраулық қызметтерді атқара отырып, халықтың ақыл-парасатын өндіктеген асыл қазынаны сақтап қалды.

Түйін сөздер: Ноғайлы кезеңі, дастан, тама руы, Мұрын жырау, тотемизм, шежіре, әскери-тактикалық мотивтер, архаикалық сарындар.

Кіріспе

1939-1947 жылдардың ішінде Мұрын жыраудан жазып алынған «Қырымның қырық батыры» атты эпикалық циклдың маңызды руханият үлгісі екені әдемдік деңгейде мойындалғаны белгілі. Дегенмен, ол қағаға түсе салысымен насихатталуына, зерттелуіне, жаңаруына тыйым салынған мұралардың санатынан орын алынғаны да – шындық. КОКП XX съезінен кейін орын алған «жылымық» кезеңде оның кейбір үлгілері баспа бетін көргенімен, бұл жырлар топтамасының халқымыздың өткен дәуірлерінің шындығынан хабар беретін үлгілері туралы сөз қозғаудың өзі қауіпті болды. Осы тұрғыдан алғанда, қарастырғалы отырған эпикалық туындылардың тағдырлары бақытты болып, олар әлденеше жинақтарда жарияланды. Оның ең басты себебі олардың бас кейіпкерлерінің оқырман қауымға мүлде бейтаныстығы болатын. Бұл туындылардың өткен тарихы жөніндегі жазба дереккөздері өте аз біздің халқымыздың шынайы тарихын қалпына келтіру үшін аса құнды дереккөздері болып табылатыны жариялылық заманына орай қолжетімді болған тарихи мағлұматтардың арқасында ғана мәлім болып отыр. Дегенмен, бұл туындылардың танымдық-тағлымдық мәнін ашып көрсетуге арналған кещенді ғылыми жұмыстар әлі күнге дейін қолға алынбай отыр.

Материалдар мен әдістер. Мұрын жыраудан жазылып алынған жырлар сақталған Қазақстан Республикасы Ғылыми кітапханасының 330, 667, 673, 830-бумаларындағы ауызша тарихтамалық құндылығы зор дереккөздерін отандық, шетелдік зерттеушілер еңбектерінің қорытындыларымен салғастыра қарастырылды. Бұл зерттеулердің нысандарына айналған материалдар көркем шығармашылықтың жемісі болып табылатындықтан, мақалада палеографиялық, герменевтикалық, тарихи-типологиялық, ғылыми пайымдау, жүйелі талдау,

дереккөдерін салғастыру, поэтикалық сараптау, пәнаралық ізденістер және өзге де ғылыми әдістерді ұштастыра пайдаланылды.

Талқылау мен нәтижелер. «Қырымның қырық батырының екі шежірелік циклдан және «Жеке батырлар» атты эпикалық топтамадан тұратыны, осылардың ішінде «Қарадөң батыр және оның ұрпақтары» атты шежірелік циклда атақты батыр Шораның, онәң әкесінің, ата-бабаларының ерліктері суреттелетіні белгілі. Аталған эпикалық топтаманы оқыған әрбір кісі қазақ халқының шежіресі жөнінде тың мағлұматтар алатыны анық. Өйткені әрқайсысы цикл құрамындағы дербес жырлардың бас кейіпкерлері болып табылатын Қарадөң, Жұбаныш, Сүйініш, Бегіс, Көгіс, Тама, Тана атты Шора батырдың аталарының ішінен тек Таманың есімі ғана иісі түркі халықтарының барлығына таныс. Ал, «Көгішлі көк Тама» деген этнонимді «Шора батыр» жырының Қырым татарларынан жазып алынған нұсқаларынан ғана кездестіруге болады, Мысалы: профессор И.Березин 1862 жылы жариялаған «Чура батыр хикәяте» атты жырда:

«Мен Чурамын, Чурамын.
Турә түгел, қарамын.
Асылымны сұрасаң,
Кукес уғлы Тамамән»,– деген шумақ бар.

В.В.Радлов Қырым татарларының аузынан жазып алып, жариялаған «Чора батыр» атты жыры нұсқаларының бірінде Шора өзін таныстырған толғауында:

«Көйімнің адын сұрасаң,
Көкүшлү Көй Тама»,- дейді.

Бұл мағлұматтардың біздің замандастарымыздың таным көкжиегін қаншалықты кеңейткенін аңғару үшін осы уақытқа дейін жарық көрген «Қазақ шежірелерінде» Шора батырдың аталарының есімдері «Тама – Қарабура – Нәрік» деген тізіммен ғана шектеліп келгенін еске алудың өзі жеткілікті. Бұл шежірелік схема бізді XVI ғасырдың орта шенінде өмірден өткен Шораның шыққан тегі болып табылатын Тама тайпасы XIV ғасырдың орта тұсында ғана пайда болған этникалық бірлестік деген ұғымға жетелейтіні анық. Дегенмен, кәсіби тарихшылар бұндай пайымдаумен келіспейтіні байқалады. Мысалы, Х.Арғынбаев, М.Мұқанов, В.Востров өздерінің қазақ шежіресі жөніндегі ғылыми еңбектерінде Тама руының шыққан тегі жайында: «Бұл рудың анағұрлым ертеректегі тарихын анықтау үшін, біздің ойымызша, Рашид ад-Диннің монғол тайпаларының ішінде баргу-бурут бөлімдерінің бірі Енисейдегі қырғыздар арасында мекендеген тума (тумэге) болғаны туралы мағлұматы қызықтырарлық болып табылады. Жорамал ретінде бұл тума тама руының ата-бабалары болып табылады деп санауға толық мүмкіндік береді. Және де бұл арада мәселе үндестікте болып отырған жоқ, қайта туманың қазіргі қырғыздарда да, наймандар арасында да кездесетіндігінде болып отыр. Қырғыздың сару тайпасы арасында ахынай (ақынай) руы бар, оның тегі қазақтардан шыққан делінеді. Шынына келгенде, қазақтың тама руында да ахынай бөлімшесі бар. Тумалардың әлдебір бөлігінің дербес ру ретінде алшындар құрамына енуі әбден мүмкін»,– деп жазса (1, 389), осындай ой қорытындысымен тарих ғылымдарының докторы Б.Кәрібаев та келісетінін оның тамалдардың қазақтан өзге қандай түркі халықтарында кездесетіні туралы шолуымен танысу барысында аңғаруға болады. Аталған ғалым өзінің еңбегінде: «Шығыс Бұқарада және Гиссар мен Балжуан Бек тұрғылықты халқының басым бөлігі Лоқай өзбек тайпасының Қара-тума тармағынан тараған. Олар Есенқожа тайпалық бірлестігінің Курдак руының құрамына кіреді»,– дей келіп (2, 272), одан ары қарай: «Алтай кіжілер 7 аймақтық әкімшілік бірлігіне (дючин) орналасты. 1897 жылғы санақ бойынша олардың ішінде 36 ру (сеок) тіркеліп, олардың құрамында Наймандар, Қыпшақтар, Меркіттер, Туматтар (Тамалар) аталды. Туматтардан 72 адам саналды... Телеуттерге көңіл бөлсек, ... Оның құрамындағы 16 рудың ішінде Наймандар мен Қыпшақтар, қазақтың Тамаларына туыс Ақ тумат және Қара Туматтар кездеседі... Біз зерттеп отырған Тамалар Туматтар ретінде тувалықтардың, Қара тума, Ақ Тума ретінде қырғыздардың және Тама ретінде қарақалпақтардың арасында кездеседі»,– деген мағлұматтар келтірген (2, 273). Башқұрт ұлты шежірелік аңыздарының бірі болып табылатын

«Тамьян руы» атты аңызда да: «Тамьяндықтар баяғы заманда Алтай жақтан қоныс аударып келген деп айтады. Олардың рубасылары Тамьян болған»,- деп баяндалған (3, 124).

Қазақ халқының шежіресі жөнінде терең ғылыми зерттеу жүргізген М.Тынышбаев Кіші жүз руларының тарихының бастауы ғасырлар тереңінде жатқанын: «Оның іздерін жағрафиялық атаулардан және тарихи мәліметтерден іздеп көрелік»,– деп білдіре келіп, одан ары қарай: «Ресейдің оңтүстік және оңтүстік-шығыс бөлігі туралы тарауында: «Дон өзенінің XIV ғасырға дейін Танаис деп аталғаны белгілі, ондағы “ис” таза гректік жалғау болып табылады; Азаулы теңізі мен Азаулы қаласы бірдей Тана деп аталған... Кубань өзенінің теңізге құйылысынан Тамань түбегі пайда болған»,- деп жазған еді (4, 96-97). М.Тынышбаев осы еңбегінде Ақмола уезінің қазақтары Шораны өздерінің ілкі атасы деп есептейтініне тоқталған. Дегенмен, бұндай түсінік қазақ халқының құрамына кіретін өзге де этникалық құрылымдар өкілдеріне де тән. Мұны Уақ руының шежіресі туралы халықтың ауызша тарихтама үлгілерінен байқауға болады. Мысалы, М.Тынышбаевтың жоғарыда аталған еңбегінде: «Ер Кокче – родом Уак, которого петропавловские киргизы считают своим предком. Слово «уак» я понимаю в смысле «мелочь» или «смесь», даже то и другое вместе, т.е. смесь – незначительная по количеству и разнородная по составу: и действительно».,– деп жазып, аталған тайпаның құрамына Ұлы жүз, Орта жүздің, қырғыздың рулар кіретінін атап көрсеткен (4, 85). Әлкей Марғұлан: да аталған тайпаның құрамына кіретін рулар қырғыздың да, қазақтың да құрамында кездестініне тоқтала келіп, соның негізінде:: «Ер Көкше мен Ер Қосайды Уақ тайпасының атасы деумен бірге керей мен наймандардың тарихи замандағы ел ағасы, жұртшылық қайраткерлері деу өте қисынды»,– деген ғылыми тұжырым жасаған болатын (5,, 76-77). Осы тұрғыдан алғанда, Тама руының да Шораны өзінің арғы аталарының санатына қосуына аталған тарихи тұлғаның түркі халықтарының тағдыры таразыға түскен сәтте өзін аскан ерліктері арқылы даңққа бөлеуі себепші болған деген жөн секілді. Шынында да Шора және оның қандыкөйлек серіктері Жошы ұлысының тарихында бұрын болмаған тарихи бетбұрысты бастаушылар болғанын мойындаған лазым. Өйткені Шыңғыстың Дешті Қыпшақ өлкесін жаулап алған кезінен оларға дейінгі уақыт аралығында қарасүйектер өкілдері деп саналған түркі рулары өкілдерінің мемлекет тарихына ықпал етушілігі орын алмаған еді. Мұрын жырау үшін Шора – ең алдымен Жошы (бертінгі замндағы Ноғайлы) ұлысы бірлігі заманының қаһарманы, Қырымның қырық батырының бірі. Ноғай ордасының шашырандысы болып табылатын халықтардың өкілдері өздерінің жеке ұлт ретінде қалыптасуына дейінгі тарихи оқиғалар мен қайраткерлер Ноғайлы дәуірлеріне жататынын мәлімдеуді өздерінің парызына балағаны олардың эпикалық жырларынан әсіресе айқын байқалады. Мысалы, қазақ жыршылары өздерінің репертуарындағы жырлардың көпшілігі Ноғайлы дәуірінің шындығын бейнелеуге арналғанын ескертуден ешқашан жаңылмаған. Бұл пікіріміздің дұрыстығына «Қырымның қырық батыры» эпикалық циклын оқи отырып та көз жеткізуге болады. Мұрын жырау да өзінен жазылып алынған, 42000 жолдан тұратын көлемді мұраның өне бойында өз қаһармандарына қатысты тек «ноғай» этнонимін ғана қолданып отырған. Ал, олардың көпшілігінің кейін қазақ атанған елдің өкілдері екені дау туғызбайды. Мысалы, осы жырлар топтамасына енетін «Ер Көкше», «Ер Қосай» және «Алау батыр» жырларының бас кейіпкерлерінің алғашқы аталған екеуін қазақтың Уақ руы өз аталары деп есептейтіні, ал, соңғысын Кіші жүз рулары өз атамыз деп білетіні мәлім. Ал, «Қыдырбай ұлы Қобыланды» атты жырдың қаһарманы қара қыпшақ руынан шыққанын атап көрсетуді көптеген қазақ жыршылары парызындай сезінген. Дегенмен, Мұрын жырау орындаған топтамадағы жырлардың тек қана бір жерінде ғана кейіпкер өзінің руының атын ауызға алады, яғни, тек «Шора батыр» жырының бас кейіпкері бір-ақ рет өзінің жөнін:

«Асылымды сұрасаң,
Асылым артық Арғынмын.
Тегімді менің сұрасаң,
Көк нарлы Танамын»,– деп білдіреді. Оның өзінде де жыршы Шораның шыққан тегі Тама руы Кіші жүздің құрамына енетініне, ал, Арғын Орта жүзге жататынына пәлендей мән бермегені байқалады. Бұл құбылыс Ноғайлы эпосын шығарушылар да, айтушылар да тар

ұлттық шеңберден көтеріле алғанын, Ноғайлы жұртының басы бүтін тұрған алтын ғасырын аңсаушы, кең дүниетаным иелері болып табылатын асыл азаматтар екенін аңғартады.

«Шора батыр» жырының барлық ұлттық нұсқаларында бас кейіпкер Қазанды өзге жұрттың басқыншылығынан қорғаушылардың басшысы әрі бірегей қаһарманы ретінде суреттелетіні белгілі. Дегенмен, көптеген тарихшылар Шораның Қазанды орыс патшалығы басып алғаннан бұрын, атап атйқанда, 1546 жылы опат болғаны туралы жазғаны мәлім. Дегенмен, бұндай жорамалдарды жоққа шығаратын деректер де бар. Шораның 1551 жылға дейін тірі болғанын дәлелдейтін деректер келтірген татар ғалымдары А.Х,Халиков пен Ахметжанұлы Нұрмұхамемедтің және татар жылнамасының мәлімет-теріне талдау жасай келе Б.Қорғанбеков: «Біз де Шора Нәрікұлы 1951 жылы аман болған деген ойға қосыламыз»,– деген қорытындысын ортаға салған (6. 211). Автор бұл байламының негізсіз емес екендігін дәлелдеу үшін Шораның мәйітін ешкім көрмегендігіне, батыр қайтадан судан шығады деп орыстар өзен бойына күзет қойғанына, жырдың С.Исхаки жариялаған нұсқасында Шораның өлмегендігі, қырық ғайып әулиенің ішінде жүргендігі туралы сарын бар екеніне тоқталған (6, 211). Шораның өлмегендігі, тек қана ғайып болғандығы туралы сарын жырдың Мұрын жырау репертуарындағы нұсқасында да кездеседі. Аталған туындыда бас қаһарманның аруағы айдаһар кейпінде Шораның өзіне көрініп жүргені, батырдың досы - Құлыншақтың қылышын суырып алуынан секемденіп Шораны жұтып жібергені, солайша батырдың ғайып болғаны баяндалады. Бұл оқиғаның мәнісін Мұрын жырау тыңдаушыларына: «Сонда жер ойылып, Шораны жер жұтып кеткен екен. Сонда айдаһар жылан болып келген Шораның аруағы екен. Ол Құлыншақты жұтам деп аузын ашып келсе де, бәрібір жұта алмайды екен. Сонда Құлыншақ алмасын сермемеген болса, Шораны жер жұтпаған болар еді»,– деп түсіндірген (7, 90).

Жоғарыда баяндалған оқиға көне замандардағы тотемистік түсініктерден хабар береді. Әлем халықтарының барлығында дерлік кездесеті тотемдердің бірі айдаһар немес жылан екені де ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Алғашқы қауым мүшелерінің түсінігі бойынша тотемнің адамды жұтып жіберуі оған істелген қастық емес, қайта оны қорғвау немесе ерекше қасиеттерге ие қылу мақсатында жасалған қамқорлық әрекет екені академик В.Я.Пропптың ертегілік мотивтердің тарихи негіздері туралы монографиясында арнайы қарастырылған. Қазақ ертегілерінде кейіпкерді ізгі мақсатпен жұту мотивтері жиі кездесетініне назар аударған Г.Н.Потанин өз еңбегінің бір тұсында: «Қазақ ертегілерінде осындай әрекет арқылы өгей балаларды бауырына басып алады»,– деп жазса (8, 108) , ал, ендігі бір тұсында: «Самұрықтың Қанбабаны жұтқаны сияқты қаһарманды ізгі ниетпен жұту қазақ ертегілерінде жиі кездесетіні белгілі; мен жолаушылап жүрген батырды кәрі ананың жұтып жіберіп, қайтадан құсатыны жөнінде айтылатын бірнеше ертегіні қазақтардан естідім. Осындай әрекеттің нәтижесінде батыр кемпірдің ұлы болып есептеледі»,- деген байқауын білдірген (8, 143). Осы тұрғыдан алғанда, Шораны айдаһардың жұтуы кейіпкерді өлтіру емес, қарулы бейтаныс жаннан иесін қорғау мақсатымен тотемнің батырды ғайып қылуы, яғни, қамқорлықпен істелген әрекеті болып табылады. Бұл жырдағы Шора – Әзірет Әлі туралы әпсанадағы Мәді, қырғыз эпосындағы Семетей секілді қайта оралуы әбден мүмкін, уақытша ғайып болған тұлғалар санатына қосуға лайық кейіпкер.

«Қырымның қырық батыры» халқымыздың ежелгі дүниетанымдарынан хабар беретін осындай архаикалық сарындарының молдығымен де құнды. Қазақтың ұлы ғалымы Ш.Уәлихханов өз еңбегінде «Ер Көкше», «Ер Қосай» жырларын қарастыра отырып: «Эта рапсодия занимательна была бы только разве потому что в ней подробно излагается вся тактика и стратегия древних степных воинов»,– деп жазған болатын (6, 196-197)..

Ер Көкшелердің де, одан өзге айтулы қолбасшылардың да XX ғасырдың бас кезіне дейінгі пайдаланған ең басты қарулы күші атты әскерлер болғаны, тіпті кавалерияның Ұлы Отан соғысында да тиімді пайдаланылғанын ескерсек, біз қарастырып отырған эпикалық топтаманың да ата-бабаларымыздың жауынгерлік ілімінен хабар беретін тұстары көп. Көшпелілердің соғыстарда қолданған айла-тәсілдері жыр оқиғаларын суреттеуде,

кейіпкерлер сөздерінде аңғартылады. Солардың кейбіреулеріне ғана тоқталсақ, Қарадөң батыр Жұбанышты жорыққа шығарып салып тұрғанда, ұлына:

«Ерлік деген жалғанда
Айламенен он болған.
Айламенен ерлік қыл,
Тек ерліктен пайда жоқ»,– деп өсиет айтады (9,267).

Осы топтамадағы жырлардың бас кейіпкерлердің бейнелері жалғыз жүріп, мыңдаған жауды қырып сала беретін класстикалық қаһармандық жырлардың образдары үлгілерінде сомдалғанымен, олар жау еліне барғандағы әрекеттерін қарапайым адамдардың киімдерін киіп алып, жау жеріне өздерін танытпай барып жасаған барлаушылық әрекеттерден бастайды. Осындай тәсілдерді олардың дұшпандары да қолданады. Кейіпкерлер жпуға кетіп бара жатқанда, ең алдымен жау әскерінің алдында келе жатқан қырық адамдық немесе жүз адамдық шағын бөлімдерін ұшырастырады. Бұл, әрине, атты әскер соғысында міндетті түрде пайдаланылатын шолғыншы жасақтар екені анық. Бас қаһарман, қанша батыр болса да, өінің жалғыз өзі жорыққа шыққанын жауына білдірмеуге тырысады. Мысалы, Жұбаныш батыр қарсыласпен жекпе-жекке шығар алдында айтылатын дағдылы бопсаласу барысында жау елінің ханына:

«Аламын деп тұрсың ба,
«Жалғыз ғой»,– деп өзіңше?
Еліңді іздеп табарға,
Үндісті қоймай шабарға
Артымда жүрген әскер көп.
Ілгері озып мен келдім
Болатұғын хабарға»,– деп психологиялық шабуыл жасайды (9, 287).

«Қырымның қырық батырының» осы және өзге де үзінділері оның жастарға әскери-патриоттық тәрбие берудің таптырмас құралы екенін айғақтайды.

Аталған топтаманың тағы бір құнды жағы – ондағы тағлымдық сарындардың молдығы. Жырда кейіпкердің мемлекеттің шағын бөлігі болып табылатын отбасы мүшелеріне деген ыстық ықыласы, үлкендермен үнемі санасып, олардың кеңестерін бағалап отыратыны, әр жорыққа бара жатқанда, және соғыстан қайтып келгенде халқына есеп беріп отыратыны, қиын-қыстау сәттерде қасына елінен ешкім ермеген сәттердің өзінде өз жұртына қатысты ешқашан кек ұстанбай, жеңістен түскен олжасын соларға үлестіріп беріп отыратыны – үлгі алатындай мінез-құлықтар.

Циклды оқи отырып қоғамның адам ресурстарын қамтамасыз ету мәселесі, ол үшін жетімдерге қамқорлық ісін жолға қою мәселесі адамзат тарихының ілкі бастауларынан бері көкейкестілігін жоймағанын аңғарамыз. Оны бір жасында әкеден, екі жасында шешеден айрылып, балалардың сабап қууына ұшырағандықтан, өмірден түңілгендей болған Қарадөңнің тағдыры суреттелуі арқылы байқатқан жыршы. Сондай арылмастай қайғыдан бас көтере алмай, жылап отырған Қарадөңге басында сәлдесі, қолында асасы бар кісі келіп, бір үлкен үйді көрсетіпе, сонда бару жөнінде кеңес беріп: «Қумайтын үй – ол»,– дейді. Шынында сол үйдің иесі болып табылатын елдің ханы бұның жетім бала екенін білген соң: «Мына қаңғырып жүрген балаға киім, тамақ беріңдер. Осы үйде тұрсын, кез келгенін ішіп жесін»,– деп бұйрық бергенімен ғана шектелмей, Қарадөңді кеңестерге ертіп апаратын болады. Қарадөң он беске келгенде ол өзінің батырлары мен билеріне:

«Осы баланы,шамадан келсе, сыйлағым келеді. Астымдағы тағымды, басымдағы тәжімді берсем,»-деп, бұл шешімінің мәнісін:

«Тоқсан баулы ноғай халқы еді,
Балам менің жалқы еді,
Өлгенінің арты еді.
Білсең, мұның парқы еді,
Өзмінен туған бұл бала,
Ол қатарға кірмейді.
«Атам»,– деп, жауап бермейді.
Балалықпен еркелеп,
Қатарымда жүрмейді.
Мынау тұрған Қарадөң
Кеудесі толған сана еді.
Тоқсан баулы ноғайды,
Тірі болс а, бағады.
Ашы менен арығын,
Пақыр, міскін, кәрібін
Түгелдей көңілін табады»,– деп

түсіндіреді.

Бұл жырларда билеушілерге байланысты халықтың талқылауының маңызына да зор көңіл бөлінеді. Мысалы, Сүйініш батырдың ойынын қойып, атасы менен әкесіндей елге қызмет ету жолына түсуіне оған айтылған бір ақ сақалды кісінің ақылы себеп болады. Сүйіністің ұлы Бегістің санасының оянуына да ол туралы бір ақсақал кісінің: «Осы Сүйіністің баласы адам болудан кетті, жасы жиырмаға келгенше балалықтың соңында жүр, әлі адамдық ойламай отыр»,– деп айтқан сыны түрткі болады (9, 336).

«Қырымның қырық батырында» осындай ғибраттық сарындар өте көп. Солармен танысу барысында көрнекті ғалым Е.Ысмайыловтың «жырау», «жыршы» сөздеріне берген анықтамалары еріксіз еске түседі. Қадірменді зертеуші өзінің «Ақындар» атты монографиясында «жырау» деген атақ алған тұлғалардың өзге сөз зергерлерінен айырмашылығы туралы: «Абылайдың қасындағы қошеметшіл Бұқар жырау – Абылай заманының қайшылықты ой-пікірлерін толғап айтқан ақын ғана емес, Абылайдың бітімші биі де... Жыраулар хан мен қара арасы алшақтай бастағанда ханның үстемдігін нығайту мақсатымен екі жағын жағыстырып отырушы бітімші, жамаушы бидің қызметін де атқарған. Бұқармен тұстас Тәтіқара жырау да осындай болған. Жыраулар өмірдің ұсақ мәселесіне аз араласып, олар көбінесе заман-дәуір, өткен мен келешек, адамгершілік, жақсылық, жамандық жайлы ойлар, болжаулар, қағидалы сөздер айтып отырған. Бұл тақырыптағы толғау сөздерінде сезімге ұратын лирика болмайды, көбінесе меңзеу, мақал, мәтелдер ретінде келетін тақпақтар, термелер болып отырады»,– деп жазып (10, 31).

Ақын-жыраулар шығармашығының асқан білгірлерінің бірі Қ.Сыди-ықұлы да: «Мұрынды халықтың «жырау» атауының тағы бір себебі – ол жаңғырта, жүйелей, жинақтай жырлаған асыл қазынаның мән-мазмұны, рухани, эстетикалық әсері ғалымдар анықтаған жыраулық сипаттарға сай келеді. «Қырық батырдағы» елдік, ерлік әуендер, айтулы батырлар мен ақылды ақын, жыраулар бейнесі алдағыны болжап, елге ақыл айтып, қол бастап, көпті сөзімен ұйытқан жыраулық талаптарға толықтай жауап береді»,– деген пікірін білдірген болатын (11, 26-27).

Қорытынды. Бұл тұжырымдардың өте дұрыс екеніне Мұрын жыраудан жазылып алынған жырларды оқи отырып айқын көз жеткізуге болады. Біз ол жеткізген мұраның кейбір танымдық-тағлымдық ерекшеліктеріне ғана тоқталып, келешекте бұл бағытта терең де жан-жақты зерттеулер жүргізу келелі де маңызды міндет екеніне көпшілік назарын аударуға ұмтылдық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. Алматы: «Атамұра» баспасы, 2000. 464 бет.

2. Қазақ ру-тайпаларының тарихы. 1-том. Үшінші кітап. Тама. Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2005. 452 бет.

3. Башкирское народное творчество. Т.2. Предания и легенды. Уфа, 1987.

4. Тынышпаев М. История казахского народа. Алматы, “Қазақ университеті” баспасы, 1993.

5. Марғұлан Ә. Шығармалары. 3-том. Алматы, 2008.

6. Қорғанбеков Б. «Шора батыр» эпосы: нұсқалары: генезисі, тарихилығы. Астана: «Фолиант» баспасы, 2014. 304 бет.

7. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Батырлар жыры. 51-том. Астана: «Фолиант» баспасы, 2008. 448 бет.

8. Потанин Г.Н. В юрте последнего царевича // Валихвнов Ч.Ч. Собрание сочинении в пяти томах. 4-том. Алматы, 1985.

9. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Батырлар жыры. 50-том. Астана: «Фолиант» баспасы, 2008. 464 бет.

10. Ысмайылов Е. Жамбыл және халық ақындары. Алматы: «Санат» баспасы, 1996. 240 бет.

11. Сыдиықұлы Қ. Мұрын жырау және «Қырымның қырық батыры» // Қырымның қырық батыры. Алматы: «Арыс» баспасы 544 бет.,

ПОЗНАВАТЕЛЬНО-НАЗИДАТЕЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ЭПИЧЕСКОГО ЦИКЛА «КАРАДОН БАТЫР И ЕГО ПОТОМКИ»

С.И.Сакен
Институт литературы и искусства имени М.О.Ауэзова, Алматы, Казахстан
e-mail: seilbek.saken.54@mail.ru

Аннотация: Данная статья раскрывает сущность генеалогии и героических дастанов казахского народа через анализ эпического цикла «Карадон батыр и его потомки», проведенный ученым С.И. Сакеном. В статье определяется историческое значение Ногайской эпохи через образы Шора батыра и его потомков. Автор сопоставляет мнения различных ученых о происхождении рода Тама, доказывая широкое распространение этого рода среди тюркских народов. Мотивы о том, что Шора батыр не умер, а лишь исчез, свидетельствуют о тотемистических представлениях. Эти архаические мотивы являются ценными источниками, сохранившими древнее мировоззрение казахского народа. В статье особо подчеркивается значение военно-тактических мотивов цикла «Сорок батыров Крыма». То, что батыры в эпосе проводят разведывательные действия во вражеской стране и используют авангардные отряды, отражает военную науку кочевого народа. Еще одна ценная сторона цикла – обилие назидательных мотивов. В эпосе герои проявляют искреннюю привязанность к членам семьи, уважение к старшим, заботу о сиротах. Мурын жырау через свое творчество выполнял функции жырау, сохранив драгоценное наследие народной мудрости.

Ключевые слова: Ногайский период, дастан, род Тама, Мурын жырау, тотемизм, шежире, военно-тактические мотивы, архаические мотивы.

EDUCATIONAL AND DIDACTIC FEATURES OF THE EPIC CYCLE “KARADON BATYR AND HIS DESCENDANTS”

S.I. Saken
Institute of Literature and art named after M.O.Auezov, Almaty, Kazakhstan
e-mail:seilbek.saken.54@mail.ru

Abstract: This article reveals the essence of the genealogy and heroic dastans of the Kazakh people through the analysis of the epic cycle "Karadon Batyr and His Descendants" conducted by scholar S.I. Saken. The article identifies the historical significance of the Nogai era through the images of Shora Batyr and his descendants. The author compares the opinions of various scholars regarding the origin of the Tama clan, demonstrating the widespread distribution of this clan among Turkic peoples. The motifs concerning Shora Batyr's disappearance rather than death indicate totemic beliefs. These archaic motifs constitute valuable sources that have preserved the ancient worldview of the Kazakh people. The article particularly emphasizes the significance of military-tactical motifs in the cycle "Forty Batyrs of Crimea." The fact that the batyrs in the epic conduct reconnaissance operations in enemy territory and utilize vanguard detachments reflects the military science of nomadic peoples. Another valuable aspect of the cycle is the abundance of didactic motifs. In the epic, the characters demonstrate sincere attachment to family members, respect for elders, and care for orphans. Muryn Zhyrau, through his creative work, fulfilled the functions of a zhyrau, preserving the precious heritage of folk wisdom.

Keywords: Nogai period, dastan, tama clan, Muryn Zhyrau, totemism, shezhire, military-tactical motifs, archaic motifs.